

СИНТАКСИСТИК ҚҰРЫЛЫМДАР ТАБИГАТЫНЫң БЕЛГІЛІЛІК КАТЕГОРИЯСЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Белгілілік және белгісіздік категориясы, біріншіден, универсалды мазмұнды тілдік категория ретінде адам өркениетінің барлық даму кезеңдерінде өз танымын, білімін анықтауды, терендегуді, жетілдіруді, белгісіздікті белгілілікке айналдыруды қажет етеді, екіншіден, белгілілік/белгісіздік категориясы лингвистикада өте аз зерттелген категориялардың бірі болып есептеледі. Салғастырмалы түргыда бұл категория өте аз зерттелген, өсіреке, генетикасы жағынан туыс емес, типологиясы, жүйелі- құрылымдығы әр түрлі казак және неміс тілдерінде мұлдем зерттелмен сала. Белгілілік/белгісіздік категориясы жалпы универсалды категориялар ретінде гносеологиялық мағынаға ие және ол универсалды тілдік категория болып табылады. Кез келген тілде бұл категория өз көрінісін табады.

Әлемнің барлық тілдерінде, бірінші жағынан, әр түрге тән универсалды лингвистикалық категориялар бар, ал екінші жағынан, әр тілде өзіне ғана тән белгілі категориялар жүйесі, оларды бейнелейтін құралдар мен тәсілдер бар (Исадеков, 2003; Ахметжанова, 2005). Біріншілерін универсалды лингвистика айқындайтыны белгілі, ал екіншілерін типологиялық және контрастивті лингвистика зерттейді (Мечковская, 2001; Карлинский, 2003). Тілдік категориялардың құрамы, жүйесі, сипаттамасы, оларды бейнелеу тәсілдері бойынша тілдер үқсастығы немесе айырмашылығы бар белгілерді анықтайды. Тілдер әлемді бейнелейді, топтастырады, бағалайды, әлемге де-

ген қарым қатынасты нақты тілде болатын тілдік категориялар жүйесі бейнелейді.

Синтаксис тілдік құбылыстар мен құрылымдардың үш негізгі типін құрайды: сөйлем мүшелері, сөз тіркестері, сөйлемдер. Сөйлем синтаксистің негізгі бірлігі болып санаады, адамдар арасындағы қарым қатынас, коммуникация сөйлемдер арқылы жүзеге асады, ал сөйлем мүшелері мен сөз тіркестері сөйлемнің құрамына енеді. Сөйлемдердің категориалды сипаты әр түрлі, бірақ оның ішіндегі ең негізгілері сөйлемнің екі мүшелігі және коммуникацияның бірлігі ретінде бастауыш пен баяндауыштың ара қатынасы. Осы байланыс сөйлемнің негізін құрайды, сөйлемнің коммуникативті бірлігі есебінде және тілдік құрылым ретінде барлық мағынасы осы сөйлемде ашылады. Фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік амал тәсілдер сөйлем құрылымында үлкен орын алады. Олар тек бір ғана мағыналы сөйлесімдердің пайда болуы мақсатында колданылады.

Бастауыш пен баяндауышсыз сөйлем болмайтынын білеміз, олардың айналасында түрлаусызы мүшелер шоғырланады: толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш. Бастауыштың семантикасына сай баяндауыш пен сөйлесімнің мағынасы анықталады, яғни бастауыш пен баяндауыштың арасында белгілі бір семантикалық байланыс пен қарым қатынас орнайды. Егер бастауыш жанды жакты білдіретін болса, онда ол белгілі бір сөйлем мен сөйлесімнің деңгейінде тек адамдарға тән іс

әрекетпен және сапамен актуалданады, ал егер бастауыш жансыз атаулармен берілетін болса, онда соған сай баяндауыш өзгереді. Бұл белгілі, абстрактілі құбылысты атайтын бастауышка да тән. Егер бір етістік өр түрлі мағыналы бастауыштармен қиуласса, онда ол етістіктің семантикасы өзгеріске үшінгідей, салыстырыныз: Kartoffel lesen және ein Buch lesen. Сөздердің образдық және метафоралық мағыналары немесе метафоралардың өздері семантикалық қиуласын өзгеруіне өкеліп соғады, себебі жансыз заттарға адамдардың немесе керісінше, жанды заттың жансызыға өсері көрінеді, салыстырыныз: der Himmel laechelte, weinte.

Жақты сөйлемдердегі жақты субъект сөйлеу тілінде, коммуникацияда белгілілікті, анықтықты көрсетеді. Сөйлемдегі екінші басты мүше баяндауыш бастауыштың іс-әрекетін немесе белгісін білдіре отыра, сөйлесімнің негізгі мазмұнын тек қана логикалық мән жағынан ғана емес, сонымен қатар мезгіл, модалдық, залог жағынан да анықтайды. Ол субъектпен жақпен, жекеше/көшпе түрде қиуласады, сөйлемнің түрлаулы мүшелері олардың арасындағы семантикалық және грамматикалық қиуласуға қарамастан өздерінің дербестігін сактайды, себебі субъект ретінде баяндауышты тандауға өсер етеді, баяндауышта өз жағынан бастауышты тандауға өсерін тигізеді. Баяндауыштың бастауыш типтерін анықтауға өсерін есепке ала отыра, сонымен қатар вербонентрлық теорияға сай сөйлемдердің құрылымына байланысты мынадай қорытындыға келуге болады: баяндауыш толығымен белгілілік категориясын қамтамасыз етеді. Неміс тілінде баяндауыштың төрт типі бар: 1) толық мәнді етістіктер немесе аналитикалық формадан құралатын жәй баяндауыштар: Der Zug kommt (ist angekommen). Der Zug wird aufgehalten (ist aufgehalten worden); 2) байланыстыратын салалас етістіктер мен байланыстыратын атаулардан, атаулы предикаттардан тұратын күрделі, атаулы баяндауыштар: Er ist Sportler. 3) толық мәнді етістіктер мен толық мәнді емес функционалды қомекші етістіктерден тұратын күрделі етістік баяндауыштар. Мұндай етістікті қосарланған тіркестер модалдықты, залогты және видты сипаттау формасында көрсетеді: Darf ich fragen? Es beginnt zu regnen. 4) тұракты синтаксисті бөлінбейтін сөз тіркестерінен тұратын фразеологиялық баяндауыштар: Der Zug setzt sich in Bewegung. Sie spielt Klavier. Бастауыш пен баяндауыштың арасындағы қиуласудың ішінде жақ пен жекеше/көшпе түрде қолдану өте маңызды болып есептеледі.

Сөйлемдердің, сөйлесімдердің анықтығын, белгілілігін тек лексикалық компоненттер, контекст, ситуациялар, синтаксистік типтер, сөйлемдердің модельдері, сөйлемнің түрлаулы мүшелері ғана емес, сонымен қатар толық және адекватты түрде барлық мәнін, бағалауын, прагматикасын мәтінде не дискурста сөйлемнің мағынасының жеке, белгілі жақтарын ашатын сөйлемнің түрлаусыз мүшелері де үлкен рөл атқарады. Соңықтан синтаксистік теория түрғысынан және де белгілілік категориясына байланысты қыскаша түрде түрлаусыз мүшелердің қарастырайық. Сөйлемде түрлаусыз мүшелердің төрт типі бар: толықтауыш, пысықтауыш, предикативті атрибут және атрибут. Толықтауыш, пысықтауыш, предикативті атрибут сөйлемнің модельдерінде негізгі мүшелер немесе факультативті болып саналады да, ал атрибут сөйлесімнің мағынасында үлкен рөл атқарғанымен де сөйлем құрылымына қатыспайды. Сөйлемнің өр бір мүшесі сөзben немесе сөз türkesімен көрініс табады. Сөз türkестері компоненттерінің семантикалық және формалдық қарым қатысы изоморфты деп лингвистикада баса айттылады, олар сөйлемнің жеке мүшелерімен жиі сай келеді, яғни баяндауыш пен толықтауыштың немесе баяндауыш пен пысықтауыштың ара қатысы туралы сөз болады. Шынында, предикативті атрибут етістікпен сөз türkesін құрмайды, осы ерекшеліктер модалды сөздерге, модалды демеуліктерге, одағайларға да тән (Schendels 1982, 287). Субъективті предикативті қарым қатынас сөз тіркестерінің негізін құрамайды, яғни сөз тіркестеріне тән емес, олар сөйлемдерге тән. Сөз тіркестері сөйлем емес, сөйлемнің бір бөлігі болып есептеледі. Толық мәнді сөздердің бір бірімен грамматикалық дұрыс байланысы сөз тіркесі болып саналады, ал қомекші сөздердің толық мәнді сөздермен байланысын сөз тіркесі деп айта алмаймыз.

Сөз тіркестері компоненттерінің арасындағы семантикалық, және формалды байланыска сай сөз тіркестері сабактас (Wortgefuege) және салалас (Wortreihe) болып бөлінеді. Сөз тіркесінің негізгі сөзіне байланысты олар атаулық (субстантивті, атрибутивті), етістікті, адвербіалды болып бөлінеді. Салалас байланыстағы сөз тіркестерінің компоненттері семантикалық және формалды жағынан бір-бірімен бір деңгейде. Байланыс құралдары ретінде салаластыруши жалғаулықтар **und**, **aber**, **doch** т.б. және интонация колданылады. Сөз тіркестерінің бірінші және екінші типтерінің құрамында олардың өр түрлі модельдері көрініс табады. Сөйлемнің түрлаусыз

мүшелері рөлінде кездесетін барлық сөз тіркестер жалпы бір ғана функция атқарады: олар сөйлемсімдердің жалпы мағынасын анықтайды, оны түсінуге мүмкіндік туғызып, белгілілік категориясын қамтамасыз етеді.

Неміс тілінің белгілілік және белгісіздік категориясымен тығыз байланысты келесі өте маңызды мәселенің бірі – әр тілде өз ерекшеліктері бар, тілдік функция атқаратын сөйлемдердегі сөздің орын тәртібі. Неміс тілі сөйлемдерінде сөздің орын тәртібі бір қатар функция атқарады, атап айтсақ, сөйлемдер мен сөз тіркестерінің құрылымдық, грамматикалық, коммуникативтік және стилистикалық жүйелерінде болатын функциялар. Бірінші жағдайда сөйлемнің түрлаулы мүшелерінің орын тәртібі өте ұлken рөл атқарады: бастауыш пен баяндауыштың неміс тілінің әр түрлі типтегі сөйлемдерінде белгілі тұрактанған орын тәртібі бар. Ал сөз тіркестеріндегі сөздердің орын тәртібі әр түрлі субстантивті, етістікті, адвербиалды типтерінде белгілі ережелрге байланысты болады. Неміс тілі сөйлемдеріндегі сөздің орын тәртібінің коммуникативті функциясы тема – ремага байланысты. Сөйлемсімдерде заттық логикалық, коммуникативтік мағына ғана көрініс таптайтын, сонымен қатар сөйлемдерде жалпы занылыштық пен коммуникацияның стратегиясы да сакталады, яғни сөйлеуші мен жазушының сөйлемде коммуникациялық ұстамы да көрініс табады. Белгілі бір занылыштық сай мұны былай түсіндіруге болады: сөйлеуші мен жазушы коммуникацияда, акпаратпен алмасу процесінде белгіліден, анықтықтан белгісізге, жана нәрсеге ұмытылуды басшылыққа алады. Бұл коммуникативті стратегия мен занылыштық лингвистикадағы жаңа ұғым коммуникативті немесе тема ремага бөліну ретінде көрініс табады. Осыған сай сөйлесімдерде бір жағынан коммуникацияға қатысы бар белгілі, анық сөйлемдердің бір бөлігі тема деп аталса, екінші жағынан коммуникацияның мүшелеріне таныс емес, жана, белгісіз акпараттар рема деп белгіленеді. Тема өзінің коммуникативті статусы бойынша әрқашанда белгілі артиклимен қолданылады, ал рема белгісіз, сөйлесімнің бұл бөлігінде белгісіз немесе нөлдік артикл қолданылады. Маңызды, жаңа акпаратты сөйлесімнің соңына ауыстыру тындаушыны әрі қарай тындауға, ал оқушыны оқуға жетелейді. Сөздің орын тәртібінің стилистикалық функциясы коммуникативті функциямен тығыз байланысты. Сөйлемдегі бастапқы орналасу синтаксистік категориясы сөздің орын

тәртібі жағынан белгілілік категориясы үшін тікелей маңызы бар деп есептеледі. Сөйлемнің бастапқыда орналасқан информациясы сол сөйлемнің қурылымының, мазмұнының әрі қарай дамуын анықтайты. Белгілі, таныс нәрселер коммуникацияның әрі қарай дамуына негіз болады. Сөйлемнің коммуникативті мазмұнының көрініс табуы белгіліден белгісізге, жаңадан белгісізге принципіне бағынышты. Хабарлы сөйлемдерде бастауыш бірінші орында тұра алады және модалды сөздер, пысықтауыштар да сөйлемнің бастапқы позициясын ұстана алады. Егер сөйлемдер тұрлаусыз мүшелерден басталса, онда субъект басқа орынға ауысады.

Неміс тілі грамматикасының арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылатын бастауыштың, баяндауыштың позициясы, неміс тілі сөйлемдеріндегі сөздің орын тәртібі белгілілік категориясының арнайы көрінісі болып табылады. Сонымен қатар баяндауыштың екінші бөлігі, рамалық конструкциялар, баяндауыштың өзгермейтін бөлігі, ерекшеленуі т.б. синтаксистік категориялар мен ұғымдарда белгілілік категориясының арнайы көрінісі болып табылады. Баяндауыштың өзгермейтін бөлігі сабактас сөйлемдегі басынқы бөлігінде етістік баяндауыштан алыстау толық рамалық конструкциялар формасында көздеседі (*die volle verbale Klammer der volle verbale Rahmen*), салыстырының: *Er macht behutsam alle Fenster im Zimmer zu*. Предикаттың екіге бөліну салдарынан сөйлемнің соңында әр түрлі бөліктер тұруы мүмкін: а) күрделі етістіктің бөлінетін приставкасы: *Die beste Sportler nehmen an der Olympiade teil*; б) аналитикалық форманың септелмейтін бөлігі: *Dent hat diese Regel ihre Anwendung gefunden (zusammengesetztes verbales Praedikat)*; в) күрделі етістіктің екінші бөлігі: *Wir wollen das Gesagte kurz zusammenfassen*. г) предикатив (етістіктің атап болған): *Dieses Wort ist in allen Sprachen gebrauchlich. Machen Sie fuer die alte Frau Platz*. Неміс тілі сөйлемдеріндегі етістікті рамалық конструкциялар қыскаруы мүмкін, әсіреле ауызекі сөйлеу тілдерінде. Кей жағдайда күрделі баяндауыштар сөйлем мүшелері ретінде ерекшеленуі мүмкін. Бұл сол сөйлемнің қыска, анық, түсінікті болуын қамтамасыз етеді және интонация арқылы да ерекшеленуі мүмкін. Осыдан барып рамалық конструкциялардың қыскаруы, интонация арқылы ерекшеленуі тындаушыға белгілілікті қамтамасыз ететін мағыналы, стилистикалық, прагматикалық анықтықтың көрінісі деген қорытындыға келеміз. Неміс тілін-

де сөйлем мүшелерінің ерекшеленуінде белгілі бір зандылық бар. Мысалы, міндегі түрде, жәй және факультативті ерекшелену болып бөлінеді, бірінші топка құрамында толықтауыш немесе пысықтауыш бар инфинитивті құрылымдар жатады, салыстырының: *Er ist imstande, diese Aufgabe zu loesen. Wir waren gezwungen, genoetigt, hier Rest zu machen.* Жәй топқа инфинитивтағы етістіктер, инфинитивті топтар, зат есімдер жатады: *Er fing an, laut zu schreien; um-zu, ohne-zu; Er mischte sich ein, um Meinungsverschiedenheiten auszuloesen; Er blieb stehen mit gesenktem Kopf, den Regenschirm ueber dem Kopf.* Ерекшеленуллер өр қашанда семантикалық, стилистикалық, прагматикалық анықтықты көрсете отыра, өр түрлі белгілілікті көрсетеді, тілді, мәтінді, сөйлеушінің коммуникативті, прагматикалық ниетін дұрыс түсінуге мүмкіндік туғызады.

Белгілілік категориясының көрінісі ретінде сөйлем мүшелерінің орын тәртібі синтаксистік категориясы не синтаксистік құбылыс орын алады. Сөйлемнің тұрлаусызы мүшелері өр түрлі, әр салалы және сөйлемнің мағынасына әр типті белгілілікті енгізеді, яғни семантикалық, стилистикалық, прагматикалық анықтық сөйлемнің тұрлаусызы мүшелерінің орын тәртібіне, сөйлемнің құрылымына байланысты. Сөйлемнің тұрлаусызы мүшелері олардың құрылымында өздерін еркін ұстағанымен де, олар белгілі бір ережеге бағынады. Предикативті атрибут, пысықтауыштар сөйлемде онай орын ауыстыrsa, ал атрибуттардың орны тұрақты болады. Тұрлаусызы мүшелердің сөйлемдегі орын тәртібіне ең алдымен сөйлеушінің коммуникативті ниеті өсер етеді, сөйлемнің барлық маңызды компоненттері олардың соңғы боліктерінде орналасады. Сөйлемдердегі сөздердің орын тәртібі морфологиялық фактормен анықталатын зандылық көп қызығушылықты тудырады. Мысалы, сөйлем мүшелерінің орын тәртібі олардың зат есіммен немесе есімдікпен көрініс табуына тікелей байланысты, салыстырының: *Er erzaehlte es der ganzen Gesellschaft; бірақ, Er erzaehlte es der ganzen Gesellschaft деген сөйлем құрылымы жағынан дұрыс емес (Schendels 1982, 327).* Сөйлемдегі тұрлаусызы мүшелердің орын тәртібі олардың ритмикасына тікелей байланысты: сөйлемдердің коммуникативті маңызды элементтері маңызы аздау мүшелерден кейін тұрады, мысалы, *Ich gab dem Nachbarn ein Buch* және *Ich gab ein Buch dem Nachbarn.* Бұл екі сөйлем де құрылымы жағынан дұрыс болып есептелгенімен де, бірақ коммуникативті маңыздылығы

жағынан айырмасы бар. Бірінші сөйлемде маңызды *ein Buch* (кітап) саналса, екіншісінде *dem Nachbarn* (көршіге) есептеледі. Сөздердің орын тәртібінің бұл зандылығы сөйлем мүшелерінің маңыздылығын арттыру зандылығы деп аталады. (Schendels 1982, 327). Тұрлаусызы мүшелердің коммуникативті маңыздылығын негізінен сөйлем мазмұнының интонациясының зандылығы мен элементтерінің коммуникативті маңыздылығы көрсетеді. Неміс тілінің хабарлы сөйлемдерінің бастапқы бөлімдері интонация тұрғысынан басыңқы емес те, негізінен бүкіл ауыртпалық соңғы бөлігіне түседі. Сөйлемнің соңынан ерекшелену арқылы кейір сөйлем мүшелерін алдыңғы бөлікке ауыстыруға болады. Сөйлем мағынасының белгілілігін арттыру үшін рамалық конструкциялар қолданылады. Сөйлемнің тұрлаусызы мүшелері: пысықтауыш, толықтауыш, предикативті атрибут негізінен сөйлемнің соңғы позициясында тұрады: *Er trug den Kopf aufrecht, Sie bogen in die naechste Strasse ein.* Егер сөйлемде бірнеше пысықтауыш кездессе, мұнда да өзінің зандылықтары бар. Бұлар да белгілілікті анықтайды. Бұл зандылықты мына тұрғыдан көрсетуге болады: мезгіл пысықтауыш + мекен пысықтауыш + сын қимыл пысықтауыш: *Es klingelte eines Nachmittags an unserer Tuer einige Male hintereinander.* Бірнеше толықтауыштың орын тәртібінің зандылықтары төмендегідей: етістік табыс септігіндегі толықтауыш, барыс септігіндегі толықтауыш немесе етістік табыс септігіндегі толықтауыш, предлогты толықтауыш. Негізінен тұрлаусызы мүшелердің орналасуы сөйлемдердің коммуникативті мазмұнының маңыздылығына байланысты: өте маңыздылары сөйлемнің басында немесе соңында тұрады. Предикативті атрибут сөйлемнің соңында кездеседі: *Seine Nase sprang stark und gebogen hervor. Zuerst hatte er stumm vor Ueberraschung keinen Laut von sich gegeben.* Предикативті атрибут сөйлемнің басында да тұруы мүмкін. *Versunken in Gedanken stand er da.* Аттрибуттардың неміс тіліндегі орын тәртібі пысықтауыштар, толықтауыштар, предикатты аттрибутпен салыстырганда басқаша. Зат есімдер өздерінің сөйлем мүшелерімен, яғни сөздердің атаулы топтары мен олардың компоненттері де сөйлемдегі орын тәртібі бойынша белгілі бір зандылыққа бағынады. Бұл жерде де алдыңғы және соңғы бөліктер кездеседі: сөз тіркестерінің негізгі сөздері алдыңғы шепті тұрады да, ал екіншісін олардан кейін тұратын сөздер құрайды. Атаулы сөз тіркестерінің алдыңғы бөліктері мүшелері рамалық конструкциялар

принципімен орналасқан. Бұл жағдайда рамалық конструкциялар бір жағынан артиқль мен аттрибутты есімдікten тұрады, ал екінші жағынан анықтауыш сөзден тұрады. Неміс тілінің сөз тіркестерінің бұл екі бөлігінде барлық аттрибуттар орналасқан: Ein neues vielstoeckiges Gebaeude, dieses neue vielstoeckige Gebaeude. Бұл аттрибуттар зат есімді анықтайды, белгілілігін көрсетеді. Барлық атаулы сөз тіркес-тері сөйлемнің мазмұнының белгілілігін арттырады, сөйлемде, коммуникацияда, мәтінде, дискурста белгіліліктің семантикасын көрсетеді, мұнда сөз жеке сөйлем туралы емес, белгілі мәтін мен дискурс туралы болып тұр. Сөздердің атаулы топтарының аттрибуттары мен атаулы сөз тіркестерінен құралған рамалық конструкциялар өзгеріске үшырауы мүмкін.

Неміс тілінің синтаксисінде құрделі сөйлемдер де белгілілік категориясының табигатында ерекше орын алады. Құрделі сөйлемдер (*der zusammengesetzte Satz, der komplexe Satz*) салалас құрмалас (*Satzreihe, Satzverbindung, die Parataxe*) және сабактас құрмалас (*das Satzgefüge, die Hypotaxe*) болып бөлінеді. Салалас құрмалас сөйлемдер бір-бірімен интонация және салаластыруши жалғаулықтар, басқа да құралдар арқылы байланысқан бірдей тен сөйлемдерден құралады: *Die Eltern waren noch wach, aber die Kinder schliefen schon.* Сабактас құрмалас сөйлемдер негізгі және сөйлесімнің құрамында белгілілік функциясын атқаратын бағының сөйлемнен (*Nebensatz*) тұрады: *Die Mutter ueberzeugte sich, dass die Kinder schlafen.* Неміс тілінің құрделі сөйлемдерінде салалас құрмалас, сабактас құрмалас сөйлемдер қайталана да қолданыла алады (*mehrfach zusammengesetzter Satz* немесе *Satzperiode*). Салалас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы сөйлемдер бір-біріне төуелді емес деп қарастырасқа та, олар бір-бірімен мағынасы жағынан байланысты. Олардың арасындағы негізгі байланыс құралдары мыналар:

- 1) интонация (неміс тілі грамматикасында, синтаксистік теориясында асикдетическая байланыс деп қарастырылады); 2) жалғаулықтар және басқа байланыс құралдары (есімдіктер, ұстуулар). Кейде жалғаулықтар қайталануы мүмкін. 3) корреляттар, яғни сөйлемнің алдында тұрып, сілтеу функциясын атқаратын ұстуулар; 4) стилистикалық мақсатқа сай қайталанатын сөздер. Салалас құрмалас сөйлемдер мағынасына қарай бірнеше топқа бөлінеді: 1) құрамындағы сөйлемдер бір-біріне қарама қарсы қойылғанымен де, олар са-

лаластыруши жалғаулықтармен қолданылмайтын сөйлемдер: *dennoch, aber, dagegen;* 2) каузалды, бұл салалас құрмалас сөйлемдердің бірінде себеп салдар процесі көрініс табады; 3) құрамында себеп салдары бар салалас құрмалас сөйлемдер: *Das Licht bewegt sich schneller als der Schall, daher nehmen wir den Blitz vor dem Donnerwetter.* Бұл сөйлемде сөйлемдердің арасындағы байланыс асиндикалық болуы мүмкін, салыстырыныз: *Ich habe einen langen Weg gemacht, ich fuehle mich sehr muede.* Салалас құрмалас сөйлемдердің тағы бір ерекше типі бір біріне байланысы бар, жалғаулықтарын табатын құрделі сөйлемдер: *Die Erdbeeren wurden rot, das Korn golden, und die Menschen braun.* Кіріспе сөйлемдер де (*Schaltaetze*) салалас құрмалас сөйлемдердің ерекше бір типін құрайды. Сыргт қозғе карағанда бұл жерде сөйлемдер бір-бірімен байланыспайтын сияқты, бірақ олар бір-бірімен интонация тұрғысынан ерекшеленеді. Олардың мазмұны қосымша дерек пен автордың комментарийінен тұрады: *Aber die beiden, Dietrich sah es staunend, hatten einen entschlossenen Gegner in Berlin-Moabit.*

Сабактас құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы сөйлемі басынқы сөйлеміне тәуелді болса да, ол басынқы сөйлемнің мағынасын анықтайды, то-лықтырады, белгілілікті қамтамасыз етеді, салыстырыныз: *Die Blumen, die in der Vase standen, waren frisch und duftend.* Әрине, сабактас құрмалас сөйлемдердің де басынқы сөйлемі тек бағыныңқы сөйлемге кіріспе ретінде қолданылатын типтері де кездеседі, мысалы: *Der Wirt erzaehlte mir: dieser Herr sei in einem unbeschreibbar schlechten Wetter angekommen.* Ал кейбір басынқы сөйлемдер бағыныңқы сөйлемнің модалдығын анықтайды: *Sie gingen um elf Uhr. Es war, als verliessen sie eine Insel.* Бұл сөйлем мазмұны жағынан мынадай формада көрініс табады: *Sie schienen eine Insel verlassen zu haben.* Сабактас құрмалас сөйлемдердің басынқы және бағыныңқы сөйлемдерінде өздерінің бастауышы, баяндауышы болады, мезгіл және модалды мазмұны сай келуі де, сай келмеуі де мүмкін. Бағыныңқы сөйлемдерге тән сипаттары болады: 1) олар басынқы сөйлеммен арнайы жалғаулықтар мен жалғаулықтар құралдармен байланысады: *weil, als der, welcher...* Интонация мен корреляттар арқылы байланысады: *Erzaehlen Sie uns darueber, wie Ihre Dienstreise verlaufen ist.* 2. бағыныңқы сөйлем басынқы сөйлемнің алдында тұруы мүмкін: *Als wir ankamen, war das Dorf leer;* соңында тұруы мүмкін: *Ich weiss, dass Sie noch*

kommt; арасында тұруы мүмкін: Das Haus, wo wir einstmal wohnten, war zerstoert. Тұракты орын төртібі тек баяндауыштағана, әрқашанда сөйлемнің сонында тұрады. Сабактас құрмалас сөйлемдерде басынқы және бағынынқы сөйлемдерінің бір-біріне деген тәуелділігі әр киңиң деңгейде, сондықтан да неміс тілінің синтаксисінде бағынынқы сөйлемнің тәуелділігі бірінші, екінші, үшінші т.б. деп болінеді. Бағынынқы сөйлемдер синтаксистік функция түрғысынан келесі типтерге болінеді: бастауыштық, баяндауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық (орын, мезгіл, модалдық, себеп салдар) және атрибутивтік.

Сонымен, белгілілік және белгісіздік категориясы семантикалық, ұғымдық мәні бар категория ретінде өмір сүруінің өзіндік онтологиялық негізі бар — олар шындық құбылыстардың, табиғаттың, адамзат ойлауының, тілдін, вербалды коммуникацияның өмір сүру формасының түрі болып табылады. Әрбір тіл міндетті түрде халықтың, этностың бүкіл ойлау дүниесін бейнелейді және де семантикалық, мазмұнды мән,

категорияларға жататын мәселелердің барлығын да қамтиды. Белгілілік-белгісіздік вербалды коммуникацияның негізі бола тұра және олар сол себептен де әрбір тілде өзінің берілісінде арнағы құралдарға ие болмауға ешбір негіз жоқ. Белгілілік вербалды коммуникацияның мәнін, ең маңызды мақсаты — ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасаушылар арасындағы түсінікті қамтамасыз етеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Исабеков С.Е. Универсаллии, фреквенталии и универсалии в системе пословиц неродственных языков // Материалы международной научной конференции «Язык и культура»: функционирование и взаимодействие. Шымкент, 2003.
2. Ахметжанова З.К. Сопоставительное языкознание: казахский и русский языки. Алматы, 2005. 408 с.
3. Мечковская Н.Б. Общее языкознание. Структурная и социальная типология языков. М., 2001.
4. Карлинский А.Е. Принципы, методы и приемы лингвистических исследований. Алматы, 2003.
5. Schendels E.O. Syntax der deutschen Sprache. М., 1982.